

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.Тынышбаев атындағы көлік және коммуникациялар академиясы

## «Халықаралық автокөлік дәліздері»

Орындаған: Төремуратова.Н.Б. Группа;Лт-15-01к  
Тексерген: Абжапбарова.А.Ж

# Көлік дәліздерін дамыту

Көлік дәліздерін дамыту және игеру – отандық тасымалдаушылардың көлік нарығындағы үлесін арттырудың бірден бір жолы. Көліктік қызмет экспортына сұраныс 2010ж. әлемдік көрсеткіш бойынша жылына 8...9 млрд. долларға жетуі мүмкін. Болашағы мол осы нарықта клиенттерге неғұрлым ұтымды шарттар ұсыну – маңызды, әрі шешімі табылатын міндет. Шетелдік тасымалдаушылар дәстүрлі айналмалы маршруттармен салыстырғанда, халықаралық көлік дәліздерінің қазақстандық құрамдасын пайдалану арқылы бір контейнерден 600 долл. дейін, әуе рейсінде 50 мың. долл. дейін үнемдейді. Бұл Қазақстан Республикасы арқылы өтетін транзиттік ағындар пайдасына шешудің маңызды дәлелі бола алады.

# Халықаралық Автомобиль тасымалы

- 1958ж. Женева қ. Халықаралық Автомобиль тасымалының (ХААТ) кең көлемді дамуы бойынша ең алғаш рет көлік құралдарының бөлшектері мен жабдықтарын бір үлгіде қабылдау туралы Келісімі қабылданған. Кеңестік елдер бұл келісімге 1987ж. қосылған.
- Осы уақытқа дейін БҰҰ ЕЭК 90-нан астам Ережелер жасаған. Бұл Европа жолдарында жаңа автокөлік құралдарының қозғалысын қанағаттандыру үшін. Ережелердің барлығы автокөлік құралдарын жасап шығарушыларға әсер етеді.

# Автокөлік құралдарының габаритті шектеулері

- Европа қауымдастығының көлік бойынша Комиссиясы жүк автокөлік құралдарының рұқсатты габаритті шектеулерін бекітті (директив 85/3, 86/360, 88/218, 89/338, 89/460, 89/461, 91/60, 96/53 БЖ (ЕС) және ISO 1726 стандарты)
  - · биіктігі 4 м. аспауы;
  - · ені 2,55 м. аспауы (2,6 м. тек рефрижераторлар мен изотермикалық шанақты жылжымалы құрам үшін);
  - · дара автокөлік құралдары ұзындығы 12 м. аспауы, жартылай тіркемелі тягачтарға -16,5 м., тіркемелі автопоездар үшін - 18,75 м., екі тіркемемен- 25,9 м.;
  - · минимальды жол просветі 160 мм-ден кіші болмауы және егер тіркеменің аралық осьтері 11,5 м. көп болғанда онда 190 мм. кем болмауы керек.

# Халықаралық дәрежедегі республикалық автожолдар желісі

- Қазақстандағы автожол желісінің құрамындағы жекелеген жолдар мен бағыттар республиканың және онымен көршілес мемлекеттердің халықаралық қатынастағы көлік байланыстарын қамтамасыз ету арқылы ерекше маңызды рөл атқарады.
- Халықаралық дәрежедегі республикалық автожолдар желісі солтүстікте және батыста – Ресей автожолдарының желісімен, шығыста- Ресей мен Қытайдың, оңтүстікте - Өзбекстанның, Қырғызстанның Түркменстанның желілерімен тоғысады.
- ҚР Үкіметі 1995 жылы бекіткен халықаралық қатынастағы автомобиль жолдарының тізбесіне сәйкес, осы жолдардың жалпы ұзақтығы 12,3 мың км-ді (жалпы пайдаланыстағы автожол желісі жалпы ұзындығының 14%) құрайды.

- Негізгі қашықтығы (94%) халықаралық дәрежедегі автожолдарға асфальт бетон және қара қиыршықтас жамылғылары төселген. Топырақ айырықтар тек батыс өңіріндегі автожолдарда кездеседі. Халықаралық стандарттар тұрғысынан қазіргі Қазақстанда «жүрдек» («жылдамдықты») немесе «автомагистральды» ұйымдарға сәйкес келетін бірде - бір жолдың жоқ екенін атап өтуі керек. БҰҰ ЕЭК жіктемесі бойынша қазақстандық жолдардың техникалық параметрлері осы жолдарды (ең жақсы жағдайда) «жай үлгідегі» жолдарға жатқызуға мүмкіндік береді. Бұл ретте осы жолдардың пайдалану жай - күйі едәуір ұзақтықта (60%-дан астам) қанағанаттанарлықсыз ретінде бағаланады. Жол бойындағы сервистің, әсіресе ауыр кластағы жүк автомобильдері мен автобустарға қызмет көрсету сервисінің өте төмен деңгейі күрделі кемшілік болып табылады.

# Халықаралық қатынастағы автомобиль жолдары

- Халықаралық қатынастағы автомобиль жолдары негізгі үш бағытта тұрады:
- - солтүстік бағыт – Ресейге және әрі қарай транзитпен Еуропа және Шығыс Азия елдеріне;
- - шығыс бағыт - Қытайға және әрі қарай Оңтүстік- Шығыс Азия елдеріне;
- - оңтүстік бағыт – Орталық Азия өңірі елдеріне және әрі қарай- Закавказьеге, Иранға, Түркияға.

# Қазақстан автожолдарының учаскелері

- Қазақстанның автожол желісі көптеген мемлекеттерге және аса ірі порттарға шығаратын автомобиль жолдардың еуропалық және азиялық субаймақтық жүйелеріне интеграцияланған. Қазақстан автожолдарының тиісті учаскелері:
  - - Экономикалық ынтымақтастық ұйымның елдері (БҰҰ ЭСКАТО қамқорлығымен) құратын азиялық жол желісінің (АЛТИД жобасы);
  - - ТРАСЕСА жобасының;
  - ТМД елдері халықаралық автомобиль жолдары желісінің құрамына кіреді.



# Қазақстан Республикасы автомобиль дәліздерінің пайдалану сипаттамасы.

Автомобиль дәліздерінің бағыты	Дәліздер жөніндегі көрсеткіштер								
Ұзақтығы, мың км	Жол жамылғысының түрі, мың км	Техникалық категориясы , мың км	Қозғалыс-тың қарқындылығы, тәулігіне мың автомобиль						
Асфальт- бетонды және қара	Қиыр шықтас	Топ-ырақ	I	II	III	IV			
1.Өзбекстан шекарасы-Шымкент- Тараз-Бішкек-Алматы- Қорғас-Қытай шекарасы	1,14	1,14	-	-	0,20	0,51	0,43	-	4,57
2.Өзбекстан шекарасы-Шымкент- Қызылорда-Ақтөбе-Орал-РФ-шекарасы	2,05	1,98	0,07	-	0,05	0,12	1,79	0,09	1,23
3.Алматы-Қарағанды-Астана-Петорпавл	1,67	1,67	-	-	0,09	0,33	1,25	-	2,60
4.РФ- шекарасы-Атырау-Ақтау-Түркменстан шекарасы	1,42	1,03	0,31	0,08	-	0,06	1,07	0,29	1,20

6.Астана-Қостанай- РФ- шекарасы (№3 дәліздің қосалқы нұсқасы)	0,88	0,88	-	-	0,07	0,20	0,61	-	2,38
Барлығы	8,26	7,80	0,38	0,08	0,46	0,65	5,77	0,38	12,88

- Мемлекеттік байланыстарды жүзеге асыруда жеке магистральдардың рөлін және халықаралық дәрежедегі республикалық автожолдар желісінің құрамында даму перспективаларын ескере отырып, азиялық және еуразиялық қатынастар аймақаралық және транзиттік тасымалдарды қамтамасыз ететін негізгі алты маршрут (автомобиль дәліздері) екшелді.
- Келтірілген дәйектер бойынша халықаралық қатынасқа қатынасытын автожол желісінің 70%-ға жуығы республикадағы негізгі автомобиль дәліздерінің құрамына кіреді. Автомобиль дәліздері асфальтбетон және қара қиыршықтас жамылғы төсемі басым (95%) көбіне II және III категориядағы (90%) жол магистралдарын кейіптейді.
- Қазіргі жекіліксіз қаржыландыруға, жөндеу бағдарлаасын орындамауға және нормативті тыс ось жүктемелерімен автокөлік қозғалысына байланысты негізгі дәліздер шектеріндегі жолдардың жай- күйінің күрт нашарлап кеткенін атап өтуі қажет. Жай –күйіне қанағаттанарлықсыз баға берілген учаскелердің үлесі қазіргі негізгі дәліздерінің жалпы ұзындығының 60%-нан асып кетті.

## Негізгі әдебиеттер тізімі

- 1 Смехов А.А. Логистикаға кірсіпе. М.: Транспорт, 1993
- 2 Смехов А.А. К. Көлік логистикасының негіздері М: «Транспорт»,1995
- 3 Смехов А.А. Логистика. М.: Знание, 1990
- 4 Миротин Л.Б. Көлік логистикасы. М:«Экзамен», Москва, 2003
- 5 Под редакцией Миротина Л.Б. и Сергеева В.И. Логистика негіздері: Учеб. пос. – М.: ИНФРА-М, 1999
- 6 Под редакцией Б.А. Аникина. Практикум по логистике: Учеб.пос. М.: ИНФРА-М, 1999
- 7 Под ред. проф. Б.А. Аникина Логистика: Учеб. для ВУЗов /. М.: ИНФРА-М, 2000
- 8 Гаджинский А.М. Логистика. Учеб. для студентов высших и средних специальных учебных заведений. М.: ИВЦ «Маркетинг», 2000
- 9 Миротин Л.Б., Ташбаев Ы.Э. Логистика: анықтамалық және оқу әдістемелік құрал. Логистика бойынша үйлестіру кеңесі. Мәскеу көлік институты. М.: КСЛ, 2001
- 10 Миротин Л.Б., Ташбаев Ы.Э., Порошима О.Г. Тиімді логистика. М.: Экзамен. 2002
- 11 Неруш Ю.М. Логистика. Учебник для ВУЗов.- 2-е изд. Перераб. И доп. – М.: ЮНИТИ.- ДАНА, 2000
- 12 Захаров К.В. и др. Логистика, эффективность и риски внешнеэкономических операций – К.: ИНЕКС, 2000
- 13 Гаджинский А.М. Логистика. Жоғары және орта арнаулы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық М.: ИВЦ «Маркетинг», 2000
- 14 Неруш Ю.М. Логистика, М.: Проспект, 2006
- 15 Акулиничев В.М. Математические методы в эксплуатации железных дорог, М.: «Транспорт», 1981

**ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ !!!**